**"Кітапхана қорларын сақтау және пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 152 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а. 2010 жылғы 26 қазандағы № 120 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6645 болып енгізілді

РҚАО-ның ескертуі!
Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 24-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кітапхана қорларын сақтау және пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 152 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4748 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 ж., маусым) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

атауында «Кітапхана қорларын» деген сөздерден кейін «қалыптастыру,» деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта «Кітапхана қорларын» деген сөздерден кейін «қалыптастыру,» деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кітапхана қорларын сақтау және пайдалану жөніндегі ережеде:

атауында «Кітапхана қорларын» деген сөздерден кейін «қалыптастыру,» деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта «құжаттардың» деген сөзден кейін «қалыптасуы,» деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақтағы «(бұдан әрі - баспа басылымдары),» деген сөздерден кейін «басылымның міндетті тегін данасын (мәтіндік, ноталық, электрондық, картографиялық, бейнелеу басылымның) (бұдан әрі - басылымның міндетті тегін данасы)» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1. Кітапханалардың кітапхана қорын қалыптастыру сатып алу, кітап алмасу және

сыйға тарту жолымен жүзеге асырылады.

Ұлттық кітапханалардың кітапхана қоры басылымның міндетті тегін данасын алу жолымен де қалыптастырылады.

4-2. Қоры тек қана электронды жеткізгіштердегі құжаттардан тұратын кітапхана (электронды кітапхана) пайдаланушылармен жанама түрдегі (қашықтықта) немесе толық емес жанама түрдегі өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

4-3. Басылымдардың міндетті даналарын дайындалған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде басып шығарушы немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлға Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханаларына жібереді.».

2-бөлімнің атауында «жинақтау» деген сөз «қалыптастыру» деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде «баспа басылымдары» және «баспа басылымдары» деген сөздерден кейін тиісінше «, басылымның міндетті тегін данасы» деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта «баспа басылымдары» деген сөздерден кейін «, басылымның міндетті тегін данасы» деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтың бірінші бөлігінде «баспа басылымдарын» деген сөздерден кейін «, басылымның міндетті тегін данасын» деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақ алынып тасталсын;

13-тармақта «баспа басылымдары» деген сөздерден кейін «, басылымның міндетті тегін данасы» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Мәдениет комитеті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткен соң оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет вице-министрі А.И. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылғы 3 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің*

*міндетін атқарушы Ж. Құрманғалиева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК